

жетілдіру үшін жеке жетістіктерін бағалау арқылы жүзеге асырылады. Критериялық бағалау жүйесі енгізілді.

PISA зерттеулері қазіргі уақытта мектептік білім берудің тиімділігін салыстырмалы бағалаудың әмбебап құралы ретінде қарастырылады. Зерттеу барысында алынған деректер тұтастай оқытудың мазмұны мен әдістері ретінде, сондай-ақ контексті факторлардың (басқару моделі, оқыту тілі, отбасының және т.б. әлеуметтік мәртебесі) мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту деңгейіне әсері ретінде білім беру жүйесін дамыту стратегиясын анықтауға негіз болады. Функционалдық сауаттылық әр мектеп пәнінің негізінде қалыптасады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және оның қалыптасуын тексеру құралы шығармашылық сипаттағы тапсырмалар (зерттеу жұмыста рына бейімделген тапсырмалар; экономикалық, тарихи мазмұндағы тапсырмалар; тәжірибеге бағытталған тапсырмалар т.б) болып табылады.

Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Қазіргі таңда оқушының функционалдық сауаттылығымен қалай күресу керек? Білім беру саласында ойымыз сан-саққа жүгіреді. Егерде әр қайсымыз терең ойланып, біліктілігімізді жетілдіріп отырсақ осы сұрақ төңірегінде әр мұғалімді ойландырып сабақтарында жаңа бағыт тауып жұмыс істеуге итермелейтін күш туар еді. Қоғам талабына сай біз, ұстаздар оқушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылығын қалыптастыру мен дамыту үшін жаңа инновациялық технологияларды игеріп, оларды оқу процестерінде қолдану қажеттіз.

Әдебиеттер

- 1.«ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» 2010ж.
2. ҚР Жалпыға міндетті білім берудің мемлекеттік стандарттары // 12 жылдық білім беру 2012ж.
3. ҚР 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы. 2010ж.
4. Тұрғынбаева. Б. А .Ұстаздық шығармашылық. Алматы. 2007ж
5. «Қазақ әдебиеті - тұлғаның рухани дамуының бастауы» - Алматы-2005 ж. 96-148 б.
6. М.Жұмабаев, Педагогика, – Алматы, 1992.

**Муслимова Э.К., Ибраева Э.С., Шаушекова Б.К.
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті.**

КӨШБАСШЫЛЫҚ ТҰЛҒАНЫҢ ӨЗІНЕ ТӘН ДАМУ ФАКТОРЫ

Аннотация. Қазіргі уақытта әлеуметтік өмірге, практикалық қызметке белсенді қатысаалатын, таңдау жағдайында өз бетінше шешімдер қабылдай алатын, ынтымақтастыққа қабілетті, ұтқырлығымен, бәсекеге қабілеттілігімен ерекшеленетін «көшбасшылық» қабілеті дамыған адамдарсұранысқа ие. Кең теориялық және эмпирикалық зерттеулеросы құбылысқаарналған. Бұл мақаланың басты тақырыбы кіші мектеп жасындағы оқушы бойында көшбасшылық қабілетін анықтауға, оны ерте жастан танып білугеарналған.

Кілт сөздер: көшбасшы, көшбасшылық, тұлға, балалар, мұғалім.

Жалпы көшбасшы - белгілі бір қауымдастықтың мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған, бірлескен іс-әрекеттерді біріктіреалатын, сонымен қатар басқаларға әсеретеалатын адам. Қоғамдық өмірде көшбасшыны белгілі бірадамдар тобындаен беделді тұлғаретіндеіс-әрекеттің барлық дерлік түрлерінде және кез келген кезеңіндеанықтауға болады.

Көшбасшы (ағылшынша «leader» – басқарушы деген мағынаны білдіреді) – нақты ресми және бейресми ұйымдағы бірадамның басқаадамға немесе топқа әсерету арқылы басқарудың көрінісі. Осы пікірді ұстанаотыра, ұлы рухани ұстаздардың көшбасшылық туралы ойларымен бөліссем Сократтың «Әділдік пен шыншылдық бір билеушінің бойынан табылса, ондаоның шыншылдығы мен әділдігінің арқасында өз өмірі де, билеп жатқан адамдарының өмірі де шаттыққа бөленеді.Егер билеушіадамның бойында әділдік пен шындық біріксе, ол басқарып отырған мемлекеттің құрылымы өтесапалы, қабылданған заңдары жоғары деңгейде болады... Билеушіден халқыңды бағындыр деп сұрау қажет емес, халықтың өзіақылды билеушінің басқаруын қалауы керек»; Бауыржан Момышұлының «Егер билік ақылды адамның қолына берілген болса – ондаол көшбасшығаал егерақымаққа берілген болса – ондаесерсоққаайналады» деген сөз жолдарын кезіктірсек болады. Иә, көшбасшы болу,

көшбасшылыққа тәрбиелеу қашан да талқыға түсетін, ой бөлісетін мәселелердің бірі болып қала бермек. Көшбасшылық тақырыбы өз өзектілігін осы күнге дейін жоғалтқан емес. Еліміздің президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев көшбасшылық туралы ой білдірген болатын: «Бәріміз білімді әрі бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу ісіне айрықша мән беріп отырмыз. Жалпы, еліміздегі бастамалардың барлығы жас буынның жарқын болашағы үшін қолға алынды. Жастарымыздың жан-жақты дамуына жағдай жасау – менің Президент ретіндегі басты міндеттерімнің бірі. Сондықтан осы мәселе әрдайым менің назарымда болады. Бүгінгі жастар – еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы, мемлекетіміздің мәртебесі. Ұрпағын аялай білген халық іргелі жұртқа айналатыны белгілі» [1].

Күніертең келіп жетер болашақта күшті ұлт болу үшін алдымен ішкі бірлік, ұйымшылдық пен татулық қажет. Ал сондай ұлтты алға жетелейтін білімді, патриот, еңбекшіл, өз салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін, тарихын құрметтейтін азамат нағыз көшбасшы болуға лайық. Қазіргі әлеуметтік және мәдениет тарапынан қарағанда көшбасшы өзінің жаңа идеясымен, алға қойған мақсат-мүддесімен ерекшеленеді. Көшбасшылық адам бойында кездесетін ерекше қасиеттердің бірі. Бұл қасиет адамның бойында біркелкі қалыптаспайды, себебі әр тұлғаның өзіне тән даму ерекшеліктері бар. Олардың қалыптасуында бастауыш сынып мұғалімі үлкен рөл атқарады. Себебі, жоғарыда айтып өткендей тұлғаны қалыптастырушы білім ұйымындағы «анасы» мұғалім болып табылады.

Мектеп-бұл барлық адамдардың бастан кешіретін, өмір кезеңінде кездесетін алғашқы ресми ұйымдардың бірі. Атап өткендей, мектеп біздің балалық кезеңдегі негізгі және ең маңызды ұйымдастырушылық тәжірибелер алатын және жинайтын орта болып табылады. Осыған сүйене отырып, білім ордасы біздің қауымдастық мәдениет пен ұйымдағы рөлдерді танып білудегі алғашқы зерттеулеріміз бастам алатын жер деп болжауға болады.

Балалардың мектептегі өмірі орта есеппен 12 жылды құрайды. Бұл жылдар оқушы өміріндегі тұлға ретінде қалыптастырушы ең маңызды жылдар. Осылайша, оқушылардың мектеп кезеңінде, атап айтқанда кіші мектеп жасында ұйымдастырушылық қабілеттері, мінез-құлқы, өзге адамдармен қарым-қатынас құруы, бір мәмлеге келе білуі, ересек өмірде өз ортасында көшбасшы бола алатындығына негізделген деп айтуға болады.

Бастауыш мектеп жасына жеке тоқталатын болсақ - бұл балалардың өмірге толыққанды енуіне мүмкіндік беретін, ересек кезеңінде қажет маңызды жеке қасиеттері дамитын өмірдің ерекше құнды кезеңі. Бұл жаста білім алушылардың ең үлкен білім, тәрбие резервтерінің қызу қанды даму уақыты. Бала мектепке алғаш аяқ басқаннан кейін тәрбиенің ықпалымен оқушының барлық саналы процестерінің қайта құрылымдауы жүреді, бұл үздіксіз процестің арқасында ол ересек адамға тән қасиеттерге мектеп жасын аяқтағанша ие болады. Бастауыш сынып жасындағы балаларда көшбасшыға қажетті қасиеттерді қалыптастыру оңайырақ. Бастауыш білім беру кезеңі тұлғаның мектеп қабырғасында алып шығатын барлық білімдері мен дамуының негізін қалаушы.

Бастауыш мектептің ерекшелігі - оқушыларды тәрбиелеу мен оқытуды бір мұғалім жүзеге асырады. Бала балалар ұжымында өмір сүруді, басқалармен ортақ тіл табуды қаншалықты жақсы үйренсе, оның көшбасшылық қасиеттері соншалықты оң жағынан жақсы дамиды. Осы кезеңде бастауыш мектеп жасындағы балаларда сынып ішіндегі істерге, басқа балалардың істеріне деген қызығушылық қалыптасады. Ол жаңа әлеуметтік рөлдер мен жаңа әрекеттерді қабылдайды. Баланың жасына қарамастан, ол көшбасшылық қасиеттерін белсенді түрде көрсетеді.

Балалық және жасөспірімдік кезеңінде көшбасшылықты дамыту неғұрлым пайдалы. Өйткені дәл осы жылдарда дамып келе жатқан қабілет кейінірек орта буын жасында, студенттік ұйымдарда, ересектік шағында жұмыс орнында мансапты дамыту мен өмір сүру деңгейі сияқты көрсеткіштерде жақсы нәтижелерге қол жеткізуде көшбасшылық қабілеттің әсер етуі сөзсіз. Енді келіп туындайтын сұрақ «Оқушыны қалай көшбасшылыққа деген қабілетін дамытамыз?».

Көшбасшылық дағдылар кейбір балаларда табиғи түрде дамуы мүмкін болса да, кезкелген адам, тіпті кішкентай балалар да көшбасшылық қасиеттерді оларға басқаруға мүмкіндік берген кезде үйреніп, дамыта алады. Сонымен, бастауыш сынып оқушыларына көшбасшылық әлеуетін ашу үшін не үйретуіміз керек?

Ең маңыздысы бұл – қарым-қатынас. Қарым-қатынас тек сенімді спикер болу ғана емес! Жақсы көшбасшы қашан сөйлеу керектігін, қалай сөйлеу керектігін, сондай-ақ қалай тиімді тыңдау керектігін біледі. Топтағы немесе сыныптағы басқа оқушыларға сенім ұялату үшін көшбасшы баланы жақсы ниетпен сөйлеуді үйрету керек. Бұл адал және мейірімді ниетпен сөйлеуді білдіреді. Одан кейінгісі оқушы бойында өзіне деген сенімділікті арттыру қажет. Ол үшін оқушының жасаған немесе жеткен жетістігі үшін қолдау, мадақтау сөздерін айтып отырған жөн. Бірақ мадақтау да, қолпаштау

да өз орнымен, шынайы болуы керек. Себебі, баланы шамадан тыс мадақтау керісіншеоқушыны састырып, өзіне деген жалған сенімділікті тудыруы мүмкін.

Кейбір жағдайларда өзіне сенімді,көшбасшы балаларда өзіншілдік (эгоисттық) сезім қырлары да байқалуы мүмкін. Бұл кіші мектеп жасындағы оқушыға тән құбылыстар. Осы жағдайда мұғалімнің және ата-ананың басты міндетібалаға өзінің де, өзгенің деойын және жеке шекараларын ескеру әрі құрметтеу қажеттілігін айтып түсіндірген жөн. Оқушы бойында қалыптастырушы келесі қасиет, ол – бастамашылдық.Баладағы бұл қасиетті тек мектепкеаяқ басқаннан кейін ғана қалыптасып бастамайды. Оны балабақшада, мектепалды даярлық топтарында байқауға болады. Бүлдіршін балаларда өз киімін кию, аяқ киімінің бауын байлау т.с.с. кішкентай істерден бастама алады. Балалардың өз бастамасымен жасалатын істері уақыт өте күрделене түседі. Әр істі соңына дейін дұрыс жеткізіп аяқтау, оқушы бойындағы өзіне деген сенімділіктіарттырады. Байқағанымыздай оқушы көшбасшы болу үшін өзіне деген сенімділіктің алатын орны ерекше.

Сенімділікті шатқылдандыратын мәселелердің бірі, бұл – жеңіліс. Өзіміз білетіндей үлкен жетістіктерге жету жолы жеңістер мен жеңілістерден тұрады. Оқушы әр бастаған ісінің барлығында жетістікке жылдам жетуі мүмкін емес. Дәл осы қиындықтароқушы бойындағы өзіне деген сенімділігін әлсіретуі мүмкін. Мұндай кезеңдердеоқушы мұғалім тарапынан үлкен қолдауды қажет етеді. Себебі дұрыс бағдар беруші, жеңіске жеті жолында жасаған ісіне түсіндірме жүргізуші – мұғалім. Оқушы білім берушісінің шынайы қолдауын сезгенде, ол өзінің жеңісін де, жеңілісіне деадекватты түрде қабылдап үйренеді.

Жақсы көшбасшылар өзін-өзі дұрыс бағалай алады. Ал бұндай көшбасшылар қабілеттерін өздігінен дамыта отырып, өмірде кездесетін қиындықтарға қалай бетпе-бет келу керектігін және оларды оңтайлы шешу барысында өзіне деген сенімділігін жоғалтпауды үйрену арқылы өседі. Тағы бір ескеретін жәйт, мүмкіндігінше ертерек үйретілген көшбасшылық қабілеттер сенімділікті одан әрі арттырады. Өзін-өзі салауатты бағалауы мен сенімділігі бар балалар күрделі әрекеттерге "ИӘ" деп жауап бере алады, бұл олардың есейген сайын әртүрлі істе көбірек мүмкіндіктерін ашады. Сонымен қатар, өзіне сенімді балалар сәтсіздіктен қорықпайды. Олар сәтсіздік өмірдегі ең үлкен сабақтарының бірі екенін және қателіктерін жан-жағынан қарап үйреніп, қажетті дағдыларын жетілдіру маңызды екенін түсінеді.Жақсы көшбасшылық болу дегеніміз «басшылық» жасау емес. Бұл – оқушы өз тобының немесе сыныбының әр мүшесіне қолдау білдіру туралы. Көшбасшылар өз әрекеттері мен таңдаулары үшін жауапкершілікті бас тартпайды. Егер бірдене дұрыс болмаса, олар басқаларды кінәламайды және ақталмайды. Оның орнына олар жауапкершілікті өз мойнына алып, қателіктерден сабақ алып үйренеді, оны түзетеді және алға жылжуды жалғастырады. Көшбасшылар жетістікке жеткенде, олар басқалардың салған күш-жігерін айта отырып, кішіпейілділік танытады.

Көшбасшылықты қалыптастырудың бастапқы кезеңі баладан ептілік, дәлдік, қозғалыс жылдамдығы немесеестесақтау жылдамдығын талап ететінспорттық, интеллектуалды командалық немесе жекеойын жарыстары болуы мүмкін. Жарыстарең қарапайым ойындардан басталғаны жөн. Мұғалімдердің негізгі мақсаты баланың өз күшіне деген сенімін арттыру болу керек.«Мен өзім! Мен табысқа жетемін! Мен істей аламын!» ұранынасай мінез қалыптастыру қажет.Сондай-ақ жалпы білім беретін мектептерде өтетін жобалық іс-әрекеттер де балалардың көшбасшылық қасиеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Айта кететін жәйт, жобалық іс-әрекет барысында кіші мектеп оқушыларында бірқатар негізгі құзыреттіліктер қалыптасады. Атап өтсек: білім, дағды, өзін-өзі дамыту тәжірибесі, шығармашылықпен айналысу қабілеті.Топтық жобаларға тоқталсақ, бұл жұмыс түріндеоқушы өз іс-әрекетін жоспарлауды үйренеді, әртүрлісеріктестермен қарым-қатынас жасайды, ал бұл оның көшбасшылық қасиеттерінің қалыптасу деңгейін жоғарылататыны сөзсіз [2].

Бастауыш сынып оқушыларында көшбасшылық қасиеттері әртүрліоқушылардан құрылған топқа қосу процесіндеайқын көріне бастайды. Көшбасшылық дағдылардың топпен жұмыс істеу және белгілі бір мақсатқа жету жолында әсері өте маңызды. Керемет көшбасшылар өз командасына көмектесіп қана қоймай, өз бетінше ойлайды алады және басқаларды қалай ынталандыру керектігін біледі. Көшбасшылық қасиеттерін қалыптастырудың тиімді құралы - бастауыш сынып оқушыларының арасындағы ұжымдық шығармашылық жұмыс болып табылады.

Бастауыш мектепте ұжымдық шығармашылық жұмысты қолдану процесінде әрбір қатысушысы проблемалық жағдайға тап болады. Проблеманы шешу барасындаоқушыларда шығармашылық ой кеңінен орын алып, ойлап табу, жазу, қиялдау секілді процестер жүріп, жаңа дүниелер жасауға тырысады. Ұжымдық шығармашылық жұмыскезінде бастауыш сынып оқушылары қарым-қатынас дағдыларын игереді, біргежұмысестеуді , сәттілік пен жауапкершіліктібір-бірімен бөлісуді үйренеді, сонымен қатарсыныптастары жайлы көп нәрсені жақыннан танып біледі.

Осылайша, екі маңызды процесс бір уақытта жүреді - сынып ұжымын қалыптастыру және біріктіру, сондай-ақ оқушылардың лидерлік қасиеттері даму үстінде болады. Оңтайлы көшбасшымен мұғалім қажетті конструктивті қарым-қатынас орнатуға түседі. Осындай оқушылар арасында беделді көшбасшы арқылы мұғалім тәрбие жұмысында керемет нәтижелерге қол жеткізеді. Сонымен қатар, оқушылардың ортақ жобасында жұмыс істеу барысында «жақсы достар» болып қалғанын байқауға болады. Ал бұл сынып ішіндегі ұйымшылдыққа, ауызбіршілікке ықпал ететіндігі айқын.

Мектеп жасы – тұлғаның дамуындағы ұзақ кезең, өзін-өзі тану және өзін-өзі ересек өмірге дайындау, мақсаттарын жүзеге асыру қажеттілігі туындаған кезде, өзін көшбасшы ретінде көрсетеді. Әрбір оқушының белгілі бір әлеуеті мен жеке ерекшеліктері бар. Балалардың дүниеге өзіндік көзқарасын оңды қалыптастыру үшін, оның жеке даралығы, бойындағы қаланып келе жатқан көшбасшылық негіздерін мұғалімдер кіші мектеп жасында дұрыс дамыту керек. Әл-Фарабидің «Адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы және адамның басына қонған бақтың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты» [3] - дегеніндей, оқушылардың сабақтағы немесе сабақтан тыс шығармашылық қабілеттілігі мен белсенділігін арттыру жолында мұғалімге үнемі ізденуді, тынымсыз еңбек етуді міндеттейді. Сондықтан әрбір ұстаз оқушы бойынан «көшбасшылық» қабілетін дамыта білу қажет. Өйткені баланың көшбасшылық қасиетін дамыту, жетілдіру тәрбие жұмысының негізгі аспектісі болып келеді. Бастауыш білім беру буыны - көшбасшылықтың қабілеттің өсуі үшін маңызды уақыт. Бұл кезеңдегі көшбасшылықты арттыру өзін-өзі бағалауды, өзіне деген сенімділікті күшейтіп, ересек өмірінің өркендеуінің катализаторы бола алады.

Мектепке енді ғана келген оқушыда келесі негізгі белгілермен көшбасшылық қабілеті сипатталады:

- ол топтың мүшесі және жетекшісі;
- ол «ішінде», және топтан бөлек «жоғарыда» емес;
- ол сыныпта ерекше беделге ие, оның мәртебесі жоғары.

Оқушыларға "сіздің сыныпта кім көшбасшы?" деп сұрақ қояр болсақ, біз жиі «әрқашан басқаларға қызығушылық танытатын», «оқушылар туралы немесе оқушыларға қатысты нәрсені білуге ұмтылатын», «қоғамдық өмірге қатысатын және жетекшілік ететін» оқушыны көрсетер еді. Бірақ, мұндай оқушыда оқуға немесе тәртіпте арнайы айтып көрсетер жетістіктері жоқ болуы да мүмкін. Бұл құбылыс балалардағы көшбасшылық қасиеттер әрқашан оқуға, білімге деген құлшыныспен қатар жүрмейтінін көрсетеді. Мектеп жасында көшбасшының қасиеттері тек дамиды. Ойынның немесе топтың көшбасшысы аз танымал, бірақ құрдастарымен тез тіл табысып, әртүрлі ситуацияларда топ мүшелерімен келісе алатын бала болуы да мүмкін. Бұл жастағы көшбасшылық кейінгі өмірде бұл қабілетке кепілдік бермейді, дегенмен алты жасар балада табылған көшбасшылықта бұл қабілеттің орта мектепте де дамуының алғышарттары бар [4].

Қазіргі әлеуметтік және мәдениет тарапынан қарағанда көшбасшы өзінің жаңа идеясымен, алға қойған мақсат-мүддесімен ерекшеленеді. Көшбасшылық адам бойында кездесетін ерекше қасиеттердің бірі. Бұл қасиет адамның бойында біркелкі қалыптаспайды, себебі әр тұлғаның өзіне тән даму ерекшеліктері бар. Оқушыны көшбасшылыққа жетелейтін жеке қасиеттер мыналар деп білемін:

- қарым-қатынас орнатуға білу;
- топты қалыптастыра, біріктіре білу;
- мақсатын анықтау;
- қажет тапсырмаларды беру және оны орындату;
- адамдардың қажеттіліктерін, қызығушылықтарын білу, оны қорғау;
- аз уақытта көп ақпаратты игере білу;
- белгілі бір жағдайда шешім қабылдай алу;
- үлкен шығармашылық қасиеттері болу.

Зерттеулер көрсеткендей, балаларға белгілі бір құндылықтар мен дағдыларды неғұрлым ерте үйреніп бойына сіңірсе, оларды өмірде қолдану оңайыраққа түседі. Зерттеулерге тоқтала кетсек, психологияда көшбасшының мынандай қатынаста қызмет атқаратындығы айқындалған:

- ол топ айға қойған мақсатқа жетудің жолдары мен құралдарын жоспарлайды;
- топ мүшелері арасында атқаратын іске жауапты адамдарды белгілейді;
- егер топтың алдына маңызды іскерлік мүдде қойылған болса және бұл топ өндірістік еңбек ұжымы болса, белгілі бір топтық шырай орнатады;
- топ мүшелерінің әлеуметтік белсенділігін дамытады [5].

Балалар көшбасшылық дағдыларды үйрене отырып, олар әлеуметтік қарым-қатынасқа түсуді де үйреніп, мағыналы қарым-қатынас орнатады алады. Оқушылардың бойында осы қасиеттерді

калыптастыру үшін мұғалімнің атқарар рөлі өте зор болып табылады. Ол үшін әрбірокушының ішкі түйсігіндеалға ұмтылу, даму, жан-жақтағы ортаны ерекшесезіну, алға қойған мақсаттарға жетудің жолдарын қарастыру, өз ортасында беделге ие болу, сауаттылықты арттыру, іздену, мәдениеттисөйлеу, кез келген жағдайда өзін көрсете білу, тығырыққа тірелмейтін түрлі жұмыстаратқару және өзін жеке тұлғаретіндесанап, мемлекетке қызмет етуге дайындауы қажеттілігін сезінуі шарт.Балалық және жасөспірім көшбасшылар ересек жаста көшбасшылық лауазымдарға ие болады, ал ерте дамыған көшбасшылық дағдылар болашаққа оң әсер етуі мүмкін.

Әдебиеттер:

1. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың Жастар жылының жабылуы және Волонтер жылының басталуы рәсіміне арналған шарада сөйлеген сөзі [Мәтін] / Қ.К. Тоқаев. – Астана: Ақ Орда, 2019.
- 2.Рожков М.И., Доценко И. Использование игровыхситуаций для выявления лидеров в коллективе Воспитание школьников. –2015.–№ 1. С. 52-53
3. Ақиқатты тани біл: VII кітап. Даналық – әр күнде/Құрастырушылар: Сейтақов Айболат Самифоллаұлы, Игенбаева Бижан Құрманғалиқызы.-Алматы, 2005.-112с
4. Кулагина И. Ю. Возрастная психология (Развитиеребенкаот рождения до 17 лет): Учебное пособие. М.: Изд-во Ун-таРоссийской академии образования, 2006. 175с.
5. Ш.М.Майғаранова, С.Т.Иманбаева. Мектептегі тәрбие теориясы мен әдістемесі. Алматы, 2006 ж.

Мухаметжанова А.О., Абдурахманова Г.А.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Аннотация.Мақала білім беру процесінде оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастырудың өзекті мәселесіне арналған. Функционалды сауаттылықты қалыптастыру күрделі, көпжақты, ұзақ процесс екендігі атап өтілді: қажетті нәтижелерге әр түрлі заманауи педагогикалық технологияларды шебер, сауатты үйлестіре отырып, сабақтарда жүйелі күнделікті жұмыс арқылы ғана қол жеткізуге болатындығы жөнінде сөз қозғайды. Авторлар заманауи технологияларды қолдану бастауыш сынып оқушысының оқу сауаттылығын дамыту, оның әсерін көрсетеді. Буктрейлер оқушылардың оқуға қызығушылығын, оқу сауаттылығын қалыптастырады.

Кілт сөздер: Функционалды сауаттылық, қарапайым сауаттылық, оқу, оқу сауаттылығы, білім беру, заманауи технология.

XXI ғасыр білімді жастардың заманы. Технологияның дамыған, инновацияның өрбіген ширек ғасырында әрбір мемлекет тек қана жаңашыл жаңалығымен, жалынды жастары арқылы көш бастап, әлем сахнасында төрелік жасауда. Ғылым мен білім саласы бүгінгі күні сағат сайын сырғып, минут сайын жылжып, секунд сайын жаңа жаңалық ашуда, аталмыш тақырыпта әлем нарығы оңтайлы нәтижеге қол жеткізгенін ескерсек, бұл көрсеткіштердің авторлары: жан-жақты, креативті және логикалық тұрғыда сауатты жетілген жастар екенін атап көрсетуге болады.

Қазақстан өз тәуелсіздігін тамырлатып келе жатқан 31 жыл ішінде білім саласында біршама жетістіктерге жетті. Дәстүрлі оқу жүйесінен жаңартылған білім негізіне де ақырындап қадам басты. Мұндай қадам оңай болмағанымен, нәтиже бар. Білім жолында жетістікке жетуді оқушы сатысынан бастасақ, басты бағыт даму және дамыту болып саналады. Сондай дамыту жолындағы бүгінгі отандық білім саласындағы өзекті тақырыптардың бірі: «Оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту мәселелері [1]. Оқушы, ол да жеке дамушы, индивид тұлға. Бала тілі шыққаннан оның өне бойына сіңірілетін құндылық ол - оқу. Даярлық кезеңнен бастап, оқушы, студент, қызыметкер болғанда да бойынан табылатын ең ізгі білім- саласындағы сауаттылық.

Оқу сауаттылығы ең алдымен оқушыға тіл мен тілдік дағдыларды қалыптастыру үшін қажет. Адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасап, саналы тұлға болып қалыптасу үшін де аса маңызды болып саналады. Оқу сауаттылығын оқушы бойында арттыру үшін, Я.А. Коменский айтқандай: оқушылардың жас ерекшелігін ескеру арқылы, оқу бағдарламасын жасау керек. Дұрыс жасалынған бағдарлама арқылы оқушы жан-жақты ойлана алатын, шығармашыл, көпшілік алдында өзін еркін ұстайтын болады. Оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту мәселелері, мектепке дейінгі кезеңде: